11	Казанкапова Динара Сейдалыкызы	22.10.1984	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.05.2005
12	Бахтыбаева Айман Нурлановна	18.11.1979	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
13	Карасаев Дамир Булатович	21.01.1974	подпункт 10, 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2021
14	Бастиян Ян Блум	15.02.1962	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011
15	Герт Ян Андреан Питер Бруийнудж	19.02.1970	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011
16	Алисия Кхоу	30.09.1986	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2021
17	Гирт Петерманс	11.12.1986	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	11.05.2018

18	Лиев Матейссен	10.05.1981	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	14.05.2021
19	Innpact S.A., с постоянным представителем Патрик Гудмен	14.08.1963	подпункт 3 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.05.2016
20	Натали Грим -мэттэ	08.04.1957	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021
21	Абдильдинова Кульбагира	19.10.1943	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
22	Чхе София	06.03.1980	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
23	Карасаев Далер	11.09.1998	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
24	Карасаева Ясмин	07.12.2004	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
25	Карасаев Аман	18.07.2009	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
26	Карасаев Алмаз	06.06.2020	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020
27	Карасаев Самир	13.07.1971	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2020

28	Кусаинова Галина Давыдовна	29.12.1945	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	12.05.2020
29	Султанова Гульнара Куандыковна	06.02.1975	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	12.05.2020
30	Игибаев Ербол Аскербекович	24.12.1968	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	12.05.2020
31	Торалиева Гульнура Тынчтыкбековна	08.06.1984	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
32	Тагаев Артур Шабданович	22.01.2010	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
33	Тагаев Алан Шабданович	30.09.2014	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
34	Сыдыкбекова Окен Сыдыкбековна	04.01.1953	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
35	Торалиев Тынчтыкбек Оодукбекович	27.11.1960	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
36	Сатаева Гульбара Дюшебековна	23.11.1961	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
37	Торалиев Марат Тынчтыкбекич	31.05.1986	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021
38	Мишель Тарш	22.05.1958	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016

39	Ори Стауб	10.08.1978	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
40	Амит Стауб	10.11.1979	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
41	Натали Стауб	11.07.1981	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
42	Аяла Савери	30.08.1985	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
43	Изабель Тарш	07.11.1979	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
44	Петронелла Кларк	27.05.1943	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
45	Хью Стауб	05.09.1949	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
46	Райли Перроулт	26.01.1999	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
47	Гудзон Стауб	05.02.2004	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
48	Эллиот Стауб	20.01.2006	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
49	Лев Стауб	11.11.2008	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016

50	Орен Стауб	04.01.2012	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
51	Лиель Стауб	22.02.2014	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
52	Авив Стауб	24.05.2017	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
53	Деклан Нельсон	27.01.2002	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
54	Даниель Нельсон	19.11.2004	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
55	Лео Николас	11.09.2013	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
56	Рафаэль Николас	28.06.2016	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
57	Эфраим Савери	06.06.2013	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
58	Йехошуа Савери	22.09.2015	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
59	Лия Савери	27.05.2017	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.06.2016
60	Алиев Раушан Шериевич	16.04.1942	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012

61	Абдиханова Фарида Раушановна	30.06.1973	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
62	Алиева Айгуль Раушановна	25.10.1974	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
63	Алиева Забира Раушановна	25.07.1976	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
64	Алиев Бахыт Раушанович	15.08.1978	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
65	Раушанова Меруерт Ганикызы	10.08.2005	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
66	Раушанов Нурдаулет Ганиулы	19.09.2006	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
67	Әлі Ақмаржан Ғаниқызы	12.11.2011	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
68	Әлі Аружан Ғаниқызы	18.04.2013	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012
69	Хабимолдаев Сейсенбай Калибекович	29.07.1969	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
70	Калибек Айгерим Сейсенбаевна	30.01.1994	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
71	Калибек Адилхан Сейсенбаевич	12.10.1999	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007

72	Калибек Азамат Сейсенбаевич	18.09.2001	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
73	Тультебаева Улдар Утельевна	20.04.1950	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
74	Курбаналиева Карлыгаш Ниеткабыловна	05.10.1974	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
75	Курбаналиева Гаухар Ниеткабыловна	02.11.1983	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
76	Нурбаева Орасхан Тохмухамбетовна	18.08.1950	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
77	Хабимолдаева Ботакоз Калибековна	20.03.1972	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
78	Хабимолдаева Жазира Калибековна	01.01.1978	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
79	Хабимолдаев Серик Калибекович	06.09.1982	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.10.2007
80	Беккулиева Балхияш	20.07.1961	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
81	Копбосын Ергали Беккулыулы	04.10.1966	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
82	Копбосын Багила	04.01.1972	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1	01.04.2008

	Беккулыкызы		закона РК "О ТОО"	
83	Айтбаева Анипа Беккулиевна	05.04.1976	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
84	Аталыкова Сымбат Глеутаевна	23.11.1974	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
85	Беккулы Нуркен Нургалиулы	21.06.1993	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
86	Беккулы Умит Нургаликызы	30.01.1997	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
87	Нургалиулы Темирлан	11.08.1999	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
88	Беккулиева Аяжан Нургаликызы	21.07.2003	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
89	Нургали Айсана	02.02.2007	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
90	Темирханова Нурзат Глеутаевна	28.07.1979	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
91	Темирханов Канатхан Глеутайулы	16.06.1976	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	01.04.2008
92	Абамуслимов Абдурахим	12.11.1948	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018

93	Абамуслимова Мукаррам Акрамовна	16.11.1953	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
94	Ахмедова Кимехан Абдурахимовна	18.03.1973	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
95	Абамуслимов Бахадир Абдурахимович	06.06.1975	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
96	Абамуслимов Айбек Абдурахимович	29.01.1977	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
97	Абамуслимова Хуршида Абдурахимовна	12.03.1982	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
98	Ташпулатова Нилуфар Атабековна	16.02.1981	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
99	Абдурахимова Севинч Алишеровна	08.06.2003	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
100	Абдурахимова Рухсора Алишеровна	04.10.2005	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
101	Абдурахимов Бехруз Алишерович	23.09.2007	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
102	Ташпулатов Вахид Атабекович	16.06.1982	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
103	Ташпулатов Фарух Атабекович	28.10.1983	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018

104	Ташпулатова Гулчехра Атабековна	30.01.1987	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	28.01.2018
105	Казанкапова Ирискуль	18.12.1952	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
106	Казанкапов Ергазы Сейдалиевич	14.01.1976	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
107	Казанкапов Анар Сейдалиевич	05.05.1977	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
108	Асабаев Нургазы Мусырманкулович	01.04.1983	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
109	Асабаева Жамиля Анарбаевна	10.11.1955	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
110	Асабаев Оразбек Мусырманкулович	29.08.1978	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
111	Асабаева Газиза Мусырманкуловна	16.10.1980	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
112	Мусырманкул Назым Нургазыкызы	10.06.2007	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
113	Мусырманкул Акнур Нургазыкызы	01.02.2009	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
114	Мусырманкул Казына Нургазыкызы	08.10.2014	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019

115	Мусырманкул Абубакир Нургазыулы	15.08.2019	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
116	Мусырманкул Айкоркем Нургазыкызы	26.06.2021	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.03.2019
117	Маймаков Сакен Рустемович	11.08.1977	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
118	Ынтыкбаева Майраш Тураровна	01.12.1958	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
119	Бахтыбаева Асель Нурлановна	12.05.1985	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
120	Бахтыбаев Уалихан Нурланулы	16.10.1992	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
121	Рустем Еркебұлан Сакенұлы	01.08.2001	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
122	Рустем Аруназ Сакенқызы	06.06.2005	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
123	Рустем Ансарәлі Сакенұлы	07.01.2014	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
124	Маймаков Асхат Рустемович	13.11.1959	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
125	Маймаков Серик Рустемович	08.06.1961	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020

126	Маймаков Кайрат Рустемович	28.01.1963	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
127	Маймаков Галим Рустемович	14.06.1965	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020
128	Маймаков Ерик Рустемович	19.12.1969	подпункт 2 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020

ЮРИДИЧЕСКИЕ ЛИЦА

№ пп	Полное наименование юридического лица с указанием организационно-правовой формы	Место нахождения	Основание для признания аффилированности	Дата появления аффилиров анности	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) первого руководителя	Дата государстве нной регистраци и
1	Фонд ASN-NOVIB MICROKREDIETFONDS под управлением TRIPLE JUMP B.V.	Не применимо	подпункт 1 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	ASN Belegingsinstelling en Beheer B.V.	15.05.2006
2	RURAL IMPULSE FUND II, SICAV-SIF	Люксембург, 1660, Гранд Руи, 88	подпункт 1 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Гирт Петерманс; Лиев Матейссен; Innpact S.A., с постоянным представителем	18.05.2010

					Патрик Гудмен	
3	Paladigm Holdings Pte. Ltd.	Сингапур, индекс 068906, Робинсон Роуд, дом 11, офис №01	подпункт 1 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	25.02.2021	Карасаев Дамир Булатович	30.03.2017
4	Pettelaar Effectenbewaarbedrijf N.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2594 AG, Бэзуиндэнхутсвег, 153	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	н/д	30.12.1991
5	Stichting Administratiekantoor Bewaarbedrijven SNS	Нидерланды, Утрехт, 3521BJ, Крослаан 1	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	н/д	16.08.2005
6	ASN Belegingsinstellingen Beheer B.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2594 AG, Бэзуиндэнхутсвег 153	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Герг Ян Андреан Питер Бруйнуудж; Бастиан Ян Блум	24.03.1993
7	ASN Duurzame Deelnemingen N.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2594 AG, Бэзуиндэнхутсвег, 153	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	2016	н/д	25.05.2016
8	De Volksbank N.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2594 AG, Бэзуиндэнхутсвег, 153	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	2016	Мартин Грибнау	30.12.2016
9	Stichting Administratiekantoor Beheer Financiële Instellingen	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2511 CW, Ланг Хутстраат, 26	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Вим ван ден Гоорберг	01.07.2011

10	Triple Jump B.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2511 HG, Менсинг, 78	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Линда Ховиус	12.05.2006
11	ASN Beleggingsfondsen AIF N.V.	Нидерланды, с-Гравэнхаг, 2594 AG, Бэзуиндэнхутсвег, 153	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	22.04.2020	Анна Грам	22.04.2020
12	IFC	США, 20433, Вашингтон ДС, NW, Пенсильвания авеню 2121	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Махтар Диоп	20.07.1956
13	European Investment Bank EIB	Люксембург, L-2950, Бульвар Конрад Аденаер 98-100	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Д-р Вернер Хойер	25.03.1957
14	KfW	Франкфурт на майне, 60325, Палменгатенштрассе, 5-9	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Стефан Уинтелс	18.11.1948
15	Microfinanza 1 societa' per azioni	Италия, Рим, 00185, Париги 11	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Green Arrow Capital SGR Sp.a – управляющая компания	18.07.1989
16	ACV CSC Metea Nationale Vakbondsorganisatie - National Trade Union Organization	Бельгия, 1020 Брюссель, Пагоденлан 1-3	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Джеф Хутуйс	01.01.2010
17	Nederlandse Financierings-Maatschappij voor Ontwikkelingslanden N.V. FMO	Нидерланды, 2593 HW Гаага, Анна ван Саксенлан 71	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Майкл Джонженил	08.07.1970

18	NMI Global Fund KS	Норвегия, 0158 Осло, Акерсгата 20	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Олауг Сварва Брит Ругланд	20.10.2008
19	BNP Paribas Fortis	Бельгия, 1000 Брюссель, Монтань дю Парк 3	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Герман Дэмс	05.12.1934
20	Incofin IM	Бельгия, 2610 Антверпен, Снюбеслан 20 PB2	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Лоик де Канньер Герт Петерманс	25.06.2009
21	Société de Promotion et de Participation Pour La Coopération Économique (Proparco)	Франция, 75001 Париж, ул. Сант-Оноре 151	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Грегори Клемент	30.08.1977
22	Storebrand Livsforsikring AS	Professor Kohts vei 9, 1327 Lysaker, Norway	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Odd Arild Grefstad	1767 г.
23	SPP Livsforsäkring AB	Швеция, 105 39 Стокгольм, Торстаган 14	подпункт 10 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Стаффан Хансен Керстин Гессиус	1994 г.
24	Unguka	Руанда, В.Р 6417 Кигали, р-н Нярунгенге	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Пол Асамба	30.01.2005
25	Khushhali	Исламабад, Блю Ареа, Джинна авеню, Форс Флор, Вест 94	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Галиб Ништар	2000 г.
26	FTB	Уганда, 6972 Кампала, Катве Рoad Плот Нос.115 и 121, Блок 6 Block 6, Plot Nos. 115 & 121	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Аннет Кигунду	11.11.2013

		Katwe Road, P.O. Box 6972, Kampala, Uganda				
27	KWFT	Кения, Найроби, Аппер Хил Кламбере Род, Акира Хаус	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Доктор Джейн Мваи	2008 г.
28	Arvand	Республика Таджикистан, Худжанд, ул. Ленина 1А	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Содикова Шоира Музаффаровна	14.12.2012
29	Fundeser	Никарагуа, Манагуа, Костадо Сюр Мансион Теодолинда	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	30.12.2011	Андрес Уркиди Селич	12.2012
30	Cotton CZ s.r.o.	Чешская Республика, 337 01, Йиндржихув-Градец, Йиндржихув-Градец III, ул. Чел. Легии, дом 476	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021	Michaela Vrbova	01.07.1999
31	AAC&S s.r.o.	ул. Чел. Легии, д. 476, Йиндржихув-Градец III, 337 01 Йиндржихув-Градец, Чешская Республика	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021	Petr Sinagl	22.05.2007
32	Cotton Production Group	Чешская Республика, г. Прага, ул. Корунный, 1773/117	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021	Natalie Zajicova	21.06.2018
33	ТОО «JIGERLI»	Республика Казахстан, г. Шымкент, Аль-Фарабиский район, ул. Жолдияра Адырбекова, дом 6	подпункт 5 пункт 2 статья 12- 1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021	Тлеужанов Болат Бахитжанович	17.05.2019

34	Tomyris International LLC	Wisconsin Ave NW, Washington DC 20007, USA	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	05.02.2021	Natalie Zajicova	10.2013
35	Paladigm Capital Pte. Ltd.	Республика Сингапур, №11-01, индекс 068906, Окслей Тауэрс, Робинсон Роуд, 138	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	25.02.2021	Олжас Жиенкулов	24.12.2013
36	ТОО «FinCredit Advisor»	Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Джамбула, 84-129, кв. 73	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	12.05.2020	Султанова Ботагоз Куандыковна	18.05.2011
37	ТОО «Қаржы плюс»	Республика Казахстан, г. Шымкент	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	26.03.2012	Сейлханова Алима	10.11.2004
38	ООО «Кросс-Бордер Трейд»	Кыргызская Республика	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	27.01.2021	Тагаев Шабдан	10.07.2020
39	ОО «Орда Кредит Плюс»	Республика Казахстан, г. Шымкент	подпункт 5 пункт 2 статья 12-1 закона РК "О ТОО"	13.11.2020	Сороченко Диана Федосьевна	03.08.2020

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ

ПРОСПЕКТІСІ

Эмитенттің толық атауы: «Арнур Кредит» Микроқаржы ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Эмитенттің қысқартылған атауы: «Арнур Кредит» МҚҰ» ЖШС

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыс екенін және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашуды қамтамасыз етеді.

1 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТИҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) Эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркелген күні:

«Арнур Кредит» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Эмитент») бастапқы мемлекеттік тіркелген күні – 2004 жылғы 09 наурыз.

2) эмитенттің мемлекеттік қайта тіркелген күні (егер қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда):

2015 жылғы 09 шілде.

3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

Тілі	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Арнур Кредит» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Арнур Кредит» МКҰ» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «Арнур Кредит»	ТОО «МФО «Арнур Кредит»
Ағылшын тілінде	«Microfinance Organization «Arnur Credit» Limited Liability Partnership	«MFO «Arnur Credit» LLP

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күні көрсетіледі:

2015 жылғы 09 шілдеге дейін Эмитенттің атауы мынадай болды:

Тілі	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Арнұр Кредит» Микрокредиттік ұйымы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Арнұр Кредит» МКҰ» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрокредитная организация «Арнур Кредит»	ТОО «МКО «Арнур Кредит»
Ағылшын тілінде	“Microcredit organization “Arnur Credit” Limited liability partnership	«MCO «Arnur Credit» LLP

- 5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылмады.

- 6) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген (қайта тіркелген) күні, орналасқан жері және пошталық мекенжайлары көрсетіледі:

№ р/б	Филиалдың атауы	Орналасқан жерінің мекенжайы	Тіркеу (қайта тіркеу) күні
1.	Сайрам аудандық филиалы	Қазақстан, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт а/о, Ақсу ауылы, Жандарбеков көшесі, 1 ғимарат	20.07.2015
2.	Алматы облыстық филиалы	Қазақстан, Алматы облысы, Талдықорған қ., Тәуелсіздік к-сі, 173 үй, «Б» блогы	20.07.2015
3.	Алматы қалалық филиалы	Қазақстан, Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к-сі, 298/1 үй, 46 пәтер	23.07.2015
4.	Ордабасы аудандық филиалы	Қазақстан, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан а/о, Темірлан ауылы, Қажымұқан көшесі, 160 ғимарат	22.07.2015
5.	Қызылорда облыстық филиалы	Қазақстан, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 28А құрылыс	20.07.2015
6.	Жамбыл облыстық филиалы	Қазақстан, Жамбыл облысы, Тараз қ., Төле би даңғылы, 80 үй	20.07.2015
7.	Түркістан қалалық филиалы	Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қ., С. Қожанов көшесі, 7 құрылыс	17.07.2015
8.	Сарыағаш аудандық филиалы	Қазақстан, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., С. Дусебаев көшесі, 5А үй	18.07.2015
9.	Мақтаарал аудандық филиалы	Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қ., М. Әуезов көшесі, 36 құрылыс	20.07.2015

- 7) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

040340000522

- 8) ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):

Жок.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электрондық поштаның мекенжайы, сондай-ақ Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің

орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайы көрсетілген Эмитенттің орналасқан жері:

- Орналасқан жері: Қазақстан, 160011 Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Байтұрсынов көшесі, 10/2 ғимарат..
- Байланыс телефондары мен факс нөмірлері: +7 (7252)-611-555, +7 (7252)-611-333, факс жоқ.
- Ресми сайт: <https://arnurcredit.kz/>
- Электрондық пошта мекенжайы: office@arnurcredit.kz; info@arnurcredit.kz

Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамада көрсетілген Эмитенттің орналасқан жерінен ерекшеленбейді.

2 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША КІРІС АЛУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Облигациялардың осы шығарылымы Эмитент Облигацияларының бірінші шығарылымы болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) Облигациялардың түрі:

Қамтамасыз етілмеген купондық Облигациялар (бұдан әрі - «Облигациялар»).

2) бір Облигацияның номиналды құны (егер бір Облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір Облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1000 (бір мың) теңге.

3) Облигациялар саны:

1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) дана.

4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге.

5) Облигацияның номиналды құнының валютасы, Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесімен көрсетіледі.

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді), Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайларды қоспағанда, қазақстандық теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасын төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шот болған кезде қазақстандық теңгеде жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайда, сыйақы және (немесе) Облигациялар бойынша негізгі борышты төлеуді жүзеге асыру

кезінде қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі.

Көрсетілген айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының банк деректемелерін және төлем жүзеге асырылуға тиіс валютаны көрсететін жазбаша өтінішті алған жағдайда жүзеге асырылады. Айырбастау төлем жүзеге асырылған күнге Эмитентке қызмет көрсететін банк белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Қызмет көрсететін Эмитент банкінің Қазақстан теңгесін АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауды жүргізгені үшін комиссиясы Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі және Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталады.

Қазақстан Республикасының резиденті – облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валюталарға айырбастауға жол берілмейді.

4. Орналастырылатын Облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларға ақы төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Биржа») қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі тіркелген болып табылады, Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты (бұдан әрі - «Алғашқы өткізілген сауда-саттық») өткізу қорытындылары бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық барысында айқындалған кесімді мөлшерлеме ретінде айқындалатын болады.

- 2) сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.

- 3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялардың айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

- 4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, Облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Сыйақы төлеу Эмитент тіркелген күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тіркеу күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар

тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір Облигация ұстаушыға төлеуге жататын купондық сыйақы сомасы тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналдық құнының және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Биржаның ережелеріне сәйкес анықталады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) *Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізілетін болады.

6. Арнайы қаржы компаниясының Облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) *бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша талаптарының сипаттамасы, ақша түсуінің шарттары мен болжамды мерзімдері;*
- 2) *Облигация ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;*
- 3) *арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізбесі.*

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының Облигацияларын шығару кезінде секьюриттеу кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) *оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;*
- 2) *оригинатордың қызметінің мәні, секьюриттеу мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *секьюриттеу мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар қамтылуға тиіс;*
- 6) *оригинатордың және секьюриттеу мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюриттеуді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) *секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;*
- 8) *талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;*

- 9) *Облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың Облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**3 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ,
АЙНАЛЫСҚА ЖІБЕРУ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР РЫНОГЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4-
БАПТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ
ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ**

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

- 1) *Облигацияларды орналастыруды бастау күні:*

Облигацияларды орналастыруды бастау күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

- 2) *Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

- 3) *Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асады.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

- 1) *Облигациялар айналысының басталу күні:*

Облигациялар айналысының басталу күні Биржа ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланады (www.kase.kz).

- 2) *Облигациялар айналысының аяқталу күні:*

Облигациялардың айналысы аяқталған күн Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) *Облигациялардың айналыс мерзімі:*

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап **2 (екі)** жылды құрайды.

- 4) *Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Эмитенттің Облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айналысқа түсетін болады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

- 1) *Облигацияларды өтеу күні:*

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

- 2) *Облигацияларды өтеу тәсілі:*

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады.

Негізгі борыш сомасын өтеу көрсетілген төлемді алу құқығына ие және Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

- 3) *Егер Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу Облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі.*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

- 1) *Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:*

Қатысушылардың жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Эмитент ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда Облигацияларды олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы мына жолдармен анықталады:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру кезінде – сатып алу күніне Биржадағы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;
- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асырған кезде – Эмитентпен және Эмитенттің сатып алуы кезінде өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлайтын Облигацияларды ұстаушымен келісілген баға бойынша.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Биржаның ережелеріне сәйкес Биржаға Эмитент ашады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз Облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелді деп есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алынған Облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.

- 2) *Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:*

Эмитент Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми интернет – ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушыларына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарықты көрсету (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- ✓ есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттықты өткізу әдісін көрсету.
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысының** шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта Облигациялар сатып алынған жағдайда, оларға тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигация ұстаушылары Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысының** Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдастырылған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген Облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

4 ТАРАУ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР) БАР БОЛСА

12. Егер бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) ұстануы тиіс:

- a) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді.

2) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:*

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізу Эмитенттің (www.arnurcredit.kz), Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттықты өткізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Эмитент Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.arnurcredit.kz), Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;

- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттықты өткізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша Облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағаға;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасына.

3) *ковенанттар бұзылған кездегі Облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:*

Қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін Эмитенттің бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Эмитенттің (www.arnurcredit.kz), Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғашқы жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы шешімді Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Эмитенттің (www.arnurcredit.kz), Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берген күні және органы; тұрғылықты жері; телефоны; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды сатып алу туралы, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы шешімді Эмитентке Қатысушылардың жалпы жиналысының қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылары Эмитенттің (www.arnurcredit.kz), Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысының** Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзім шегінде қосымша мәліметтер алу қажеттігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушы Облигацияларды сатып алуды жүргізген күні орталық депозитарийдің атына Эмитенттің **Қатысушыларының жалпы жиналысы** айқындаған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруі тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың Облигациялар шығару проспектісінде көрсетілген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

5 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ (АЙЫРБАСТАЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ) АЙЫРБАСТАУ ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

13. Айырбасталатын Облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

